

ЦИТАТА ДНЯ

Сауат МЫҢБАЕВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА  
ТӨРАҒАСЫ:

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ҰЗЫНДЫҒЫ 2,5 МЫҢ КМ ТЕМІР ЖОЛ САЛЫНДЫ. БҮЛ ЖОЛДАР ЕЛДЕ ӨҢІРЛЕР АРАСЫНДА ІШКІ КОММУНИКАЦИЯНЫ ҒАНА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ҚОЙМАЙ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН ДЕРТТІРДІ

ПОРТ

НА РЕГУЛЯРНОЙ ОСНОВЕ

В режиме видеоконференции состоялась презентация паромной линии Курык – Амирабад/Энзели – Курык, соединяющей Казахстан с Ираном.

Первый тестовый рейс парома «Композитор Рахманинов» типа «ро-ро» прибыл из иранского порта Амирабад в Курык в конце ноября текущего года.

На пароме такого типа могут разместиться до 31 большегрузных автомобилей (длинной до 17 метров). Они предназначены для перевозки пассажиров, колесной техники и палубных грузов. Стоимость фрахта в одну сторону составляет 1 600 долларов.

Кроме того, ТОО «Порт Курык» рассматривает возможность открытия регулярного паромного сообщения по маршруту порт Туркменбаши – Курык – Махачкала и обратно. Во время переговоров руководство АО «Махачкалинский морской торговый порт» и АО «Туркмен Милли Логистик» выразило заинтересованность в реализации этого проекта.

К настоящему моменту проводятся технические и организационные мероприятия в портах Курык и Махачкала, связанные с открытием новой паромной линии. Планируется поставить на линию туркменские парома «Беркарар» и «Багтыяр» типа «ро-рах». Наряду с этим рассматриваются предложения азербайджанского ЗАО «АСО» о постановке на эту линию железнодорожных паромов и паромов типа «ро-ро».

Любовь РОББА

ФОРУМ

ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАСЫ: АДАМ ӨМІРІ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржолшылар арасында қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталған ІІ Өндірістік қауіпсіздік форумын алғаш рет онлайн форматта өткізді. 11 желтоқсанда ұйымдастырылған маңызды іс-шараға компания басшылары мен халықаралық деңгейдегі сарапшылар және бизнес әріптестер қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Компанияның өндірістік қауіпсіздік саласындағы жылдық қорытынды есебі, осы бағытта жүзеге асырылып жатқан жобалар мен нәтижелер туралы алушылық тұрғындағы қолдау және ілгерілету жұмыстары туралы сөз болған форумға «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев қатысты.

«Адам өмірі – ең басты құндылық» деген ұран өндірістің барлық үдерістеріне дендеп енуі қажет екенін атап өткен компания басшысы: «Компанияның әрбір қызметкеріне

ЛОГИСТИКА

ТРАНСКАСПИЙ БАҒЫТЫНДА ЖАҢА БАҒДАР

Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің жетекші операторларының бірі болып табылатын «KTZ Express» компаниясы жүк пойызын жіберуді енді Еуропа-Қытай бағытында жүзеге асырады. 12 желтоқсан күні Ақтау халықаралық теңіз сауда портына Түркиядан Қытайға Транскаспий бағыты бойынша алғашқы экспорттық жүк пойызы келді.

Анарғұл ЖЕКЕМБАЙҚЫЗЫ,  
Ақтау

Стамбулдан 4 желтоқсанда ТМТМ бағыты бойынша жөнелтілген пойыз Грузияға дейін теміржол арқылы келіп, Әзербайжанның Баку портына қазақстандық «Бекет ата» кемесіне тиелген. 42 контейнерден тұратын пойыз маршрутының жалпы ұзындығы 8 693 км құрайды. Бұл – 2 құрлық, 2 теңіз және 5 ел. Пойыздың жөнелтілуін Түрік темір жолдарының ресми операторы

арқылы 3200 км жүріп, Қытайдың Сиань қаласына барады.

Арнайы келіссөздер нәтижесінде Түркия елінің тауар өндірушілері қазақ жерімен өтетін тасымалдың қауіпсіз және жедел екендігіне көз жеткізіп, тасымал уақытының бар-жоғы 12 күнді құрайтынын басты нысанаға алып, жүктерін Қытайдың Сиань провинциясына Қазақстан арқылы аттандырады. Түркия мемлекетінде өндірілетін электрондық тауарлар тиелген контейнерлік пойыз еліміздің теңіз қақпасына дейін су жолымен 8600



Pacific Eurasia Logistic компаниясы қазақстандық «KTZ Express» ұлттық мультимодальдық көлік-логистикалық компаниясымен серіктестікте ұйымдастырды.

Пойыз Түркия аумағы бойынша 2 323 км, Грузия аумағы бойынша 220 км, Әзербайжан аумағы бойынша 430 км, Каспий теңізі арқылы 420 км, Қазақстан аумағы

шақырым жол жүріп келген. Ендігі 3200 шақырымды Қазақстан ішінде жүріп өтіп, Алтынкөл арқылы Қытайға жетпек.

Айлаққа алғашқы экспорттық контейнерлік жүкті қарсы алуға өз елінің байрағын көтеріп Түркияның Ақтаудағы бас консулы да келді. Екі ел арасындағы елші Мұзаффер Ақылдырым: «Бұл



бағыттың Түркия үшін де, бауырлас қазақ елі үшін де маңызы зор, біз өз тауарларымыздың сенімді жол арқылы Қытайға жететініне қуаныштымыз» деді.

Сондай-ақ, бұл күні Ақтау портына Сианнан Стамбулға кері бағытта жүретін тұрақты қарсы пойыз да портқа табан тіреді. Екі елдің жүк контейнерлерінің айлақта түйісуі қазақстандық «Бекет ата» кемесіне тауарларды кері жүктеуге мүмкіндік беріп, кемелінің бір сәтке де бос тұруына жол берілмейді. Тұрақты тасымал мен сапалы сервис жаңа нарықтарды игеруге жол аша бермек. Екі алып елдің аманаты қазақ жерінде тоғысып, теміржол және теңіз платформаларында жүктеу операциялары басталып кетті. Қазақстанның Ақтау портында кемелі теміржол платформаларына тексеру мен қайта тиелуді қоса алғанда, барлық қажетті операциялар жүктің сақталуының барлық параметрлерін ұстана отырып, қажетті санитарлық-эпидемиологиялық нормалар қадағаланып жүзеге асырылды.

«Түркиядан Қытайға контейнерлік пойызды ұйымдастыру – бұл Транскаспий халықаралық көлік бағдарына қатысушы елдердің табысты өзара іс-қимылының нәтижесі болып табылатын үлкен қадам. ТХКБ-ның дамыту үшін Қазақстанда халықаралық стандарттарға сай заманауи логистикалық инфрақұрылым құрылып дамуға және қолайлы тарифтік жағдайлар қамтамасыз етілген», – дейді KTZ Express басшысы Дмитрий Абдуллаев.

Жаңа маршрут осылайша Транскаспий бағытымен ТРАСЕКА жобасын толықтыра түспек. Әлемдік өркеніет тарихында атауы аңызға парапар «Ұлы Жібек жолы» сонау орта ғасыр дәуірінде Батыс пен Шығысты жалғастыра болса, бүгінгі күнде де осы үрдіс өз жолынан айныған емес. Оған құрлықтағы екі алып мемлекеттің ежелгі жібек жолының жаңарған жаңғырған бағытымен Қазақстан арқылы басталған жаңа бағдар айқын дәлел.

Суреттерді түсірген автор

ТЕХНОЛОГИИ

ЦИФРОВИЗАЦИЯ – КЛЮЧЕВОЙ ИНСТРУМЕНТ

Цифровые проекты АО «НК «ҚТЖ» представлены во время конференции «Digital Samruk-2020» на тему «Цифровая трансформация: культура производственных инноваций», которая состоялась с участием Премьер-министра РК Аскара Мамина и председателя правления АО «ФНБ «Самрук-Қазына» Ахметжана Есимова.

Асель ШАЙХЫНОВА

Во время мероприятия обсуждены обновленные подходы к цифровизации, также участники ознакомились с результатами реализации Программы цифровой трансформации «Самрук-Қазына».

Глава Правительства отметил важность того, что Казахстан вошел в тридцатку передовых стран по уровню развития «электронного правительства» в рейтинге ООН. Аскару Мамину доложили о результатах реализации Программы цифровой трансформации АО

«ФНБ «Самрук-Қазына», в том числе цифровизации предприятий железнодорожной, нефтеперерабатывающей, атомной и других отраслей экономики РК.

Так, главный инженер АО «НК «Қазақстан темір жолы» Батыр Котырев во время своего выступления отметил, что в соответствии с Государственной программой «Цифровой Казахстан» на 2018-2022 годы в компании развитию цифровых технологий придается огромное значение.

Среди группы компаний фонда цифровой проект АО «НК «ҚТЖ» – интегрированная

система «Производственная безопасность» занял первое место. К слову, этот же проект в конкурсе UIC DIGITAL AWARDS 2020 Международного союза железных дорог занял призовое второе место. Церемония награждения состоялась в рамках 6-й Цифровой конференции UIC 2020.

Проект-победитель реализуется в компании в рамках цифровой трансформации. По словам Батыра Котырера, уникальность системы заключается в том, что она является доступной абсолютно для любого работника компании.

Окончание на 3 стр.

Құрметті әріптестер және сала ардагерлері!

Тәуелсіздік күніне орай шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Бұл – Қазақстанның ұлттық мүддесін қорғағандардың батылдығы мен ерлігіне құрмет және уақыт пен ұрпақтың ажырамас байланысы мен бірлігін білдіретін ұлық мереке.

Тәуелсіздігін алған сәттен бастап тарихи дамуда үлкен серпіліс жасаған біздің еліміздің көптеген сынақтар арқылы жүріп өткен жолы, барлық салада қуатты әлеуетке ие егеммен мемлекет құруға мүмкіндік берді.

Тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етудің маңызды рөлі теміржол көлігіне тиесілі. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы еліміздің транзиттік әлеуетін арттыру және инфрақұрылымды дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға белсене атсалысты.

Өткен жылдар мен қазіргі алмағайып кезең қандай күрделі міндеттерді де шешу біздің қолымыздан келетінін айқын көрсетіп отыр. Бізәрі қарай да алға ұмтылысымызды жалғастырып, жоспарларымызды сәтті жүзеге асыратынымызға сенімдімін.

Баршаңызға зор денсаулық, береке мен тұрақтылық тілеймін!

Сауат МЫҢБАЕВ,  
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

НАГРАЖДЕНИЕ

ОТМЕЧЕНЫ ЛУЧШИЕ

В преддверии Дня независимости РК награждены передовики железнодорожники. В связи с пандемией цертование в этом году проходило «онлайн».

По доброй традиции, почетные награды, грамоты и благодарственные письма за профессиональные успехи и квалифицированный труд получили лучшие сотрудники компании, те, кто своим трудом внес неоценимый вклад в развитие отрасли.

Всего по группе компаний АО «НК «ҚТЖ» отмечены более 1 000 железнодорожников. Так, 10 железнодорожников награждены государственными наградами, в том числе орденом «Құрмет», медалью «Ерен еңбегі үшін», Почетной грамотой Президента Республики Казахстан.

Почетными грамотами министра индустрии и инфраструктурного развития РК отмечены 10 железнодорожников, благодарственными письмами министра – 10. Также работники железнодорожной отрасли представлены к почетным грамотам АО «Самрук-Қазына».

Кроме того, удостоены нагрудного знака «Адал еңбегі үшін» 154 работника; получили звание «Кәсіби бойынша үздік» 89 работников; «Үздік маман» – 99; почетные грамоты председателя правления АО «НК «ҚТЖ» – 239 работников; благодарственные письма председателя правления АО «НК «ҚТЖ» – 342 работника; на Доску почета «Үздік мамандар» занесены 48 железнодорожников.

– За годы независимости Казахстан добился значительных успехов на пути укрепления государственности и повышения авторитета страны на международной арене. Я горжусь тем, что могу своим трудом внести хоть небольшую лепту в общее развитие суверенного Казахстана, – говорит электромеханик радиосвязи Кокшетауской дистанции сигнализации и связи Леонид Дембицкий, который трудится в отрасли 42 года.

Аула ТЛЕУБАЕВА

БҮГІНГІ САҢ

БИЫЛ 11 АЙДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ БОЙЫНША

233,8 млн тонна

ЖҮК ТИЕЛГЕН

Жалғасы 2 бетте

railnews.kz

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ҚАЛАҒА КӨШІРІЛДІ



Атыраудың Қарабатан станциясы тұрғындарының мәселесі соңғы жылдары талай мәрте көтеріліп, оларды қалаға көшіру жөнінде сөз шыққалы да бірнеше жыл. Жергілікті әкімдіктің күш салуымен жуырда бұл мәселе шешімін тауып, 24 отбасына қаладан жайлы пәтер берілді.

Қарабатан елді мекеніндегі 27 отбасының 210 мүшесі бар. Олардың дені – теміржолшылар. Алайда, олар ұзақ жыл тұрмыс қиындығын көріп келді. Өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынған ескі үйлерге газ тартылмаған, ауылда мектеп, балабақша, емхана, дүкен атымен жоқ. Қыста үйді көмір жағып жылытады. Трассадан ауылға дейінгі 2 шақырым қара жол жаңбырлы күндері жүргізбейді. Балалар қаладағы Бесікті және Доссордағы мектеп-интернатта жатып оқиды. Одан бөлек ауыл іргесіндегі «Болашақ» зауытының әсері бар, экологиялық ахуал өте нашар, зауыттан шыққан түтін мен күкірттің иісі станция тұрғындарының денсаулығына кері әсер етіп, ауру-сырқау көбейген еді.

Соған орай Атырау қалалық әкімдігі өңір орталығына қоныс аударған тұрғындарға Жұлдыз шағын ауданындағы көп қабатты тұрғын үйден 2 бөлмелі 27 пәтер бөлген. Бүгінде оған Қарабатан станциясынан 24 отбасы көшіп келген.

Ал, станцияға келсек, қазіргі Қарабатан станциясы бұрын бес-ақ адам жұмыс жасаған шағын ғана разъезд болатын. «Болашақ» зауыты ашылатын болған соң, яғни Қашаған кен орнынан келген мұнайды өңдеу зауытының салынуына байланысты 2005 жылы станция ғимараты жаңадан салынды, жұмыс көбейді. Қосымша штаттар ашылып, теміржолшыларға жұмыс жасауға қолайлы жағдай жасалып, толық мамандандырылған, бәрі де жергілікті кадрлар.

Станцияда қазіргі уақытта 11 жол торабы бар және «Болашақтағы» 2 зауыттың әрқайсысына жол торабы тартылған. Станция басында СОБ, КТСМ құрылғылары ақаусыз жұмыс жасауда, жолдары жарық шамдармен, ал белгі берушілер, пойыз құрастырушылар сөйлесу құралдарымен қамтылған. Қарабатан станциясында бүгінгі күні 40 шақты адам жұмыс жасайды. Оның ішінде станция кезекшісі, пойыз құрастырушылар, жүк кассирлері, тасымалдау құжаттарын өңдеу операторлары, жүк-бағаж қабылдаушы және т.б. мамандар бар. Станция қызметкерлерін жұмысқа тасымалдау үшін көлікпен қамтамасыз етілген, күніге 2 рет қызметкерлерді жұмысқа алып келіп, жұмыстан шыққандарын алып кетеді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау  
Суретті түсірген автор

ОБЛЫС ӘКІМІ  
ҚАБЫЛДАДЫ

Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев аймақтағы ірі кәсіпорын басшыларын қабылдады. Олардың ішінде Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Үмітбек Рысбеков те бар.

Бердібек Машбекұлы теміржолдың ең экономика-сының құретамыры екенін айта келіп, саладағы оң өзгерістерге оң баға берді.

«Пандемиялық жағдайларға қарамастан, «Қазақстан темір жолы» компаниясы мен оған қарасты құрылымдар жылдағы көрсеткіштерін сақтай алды» деп атап өткен әкім бөлімшесінің директорынан соңғы көрсеткіштерді сұрады.

Үмітбек Есмұратұлының айтуынша, Жамбыл облысы аумағындағы жалпы ұзындығы 1236,3 шақырым теміржол бойы қалыпты жұмыс істеп тұр. «Бөлімшенің құрамына 52 станция кіреді. Жамбыл жол бөлімшесі бойынша 9372 адам қызмет етеді», – деген Ү.Рысбеков ағымдағы жылы бөлімше мен оған қарасты мекемелерден 172 жұмысшы қысқарғанын да жасырмады.

Алайда, қысқартуға ілінген қызметкерлердің көбісі, яғни 144-і жұмыспен қайта қамтылған. Ал зейнет жасына бес жыл қалған 28 теміржолшы «Ерте жаман зейнетке шығу» ережесіне сәйкес құрметті еңбек жемалысына шығарылып, ай сайын жалақыларының мөлшері төлену үстінде екен.

Бөлімше директорының айтуына қарағанда, биылғы 1 қаңтардан бастап аймақтағы теміржолшылардың еңбекақысы 5 пайызға – 20 мың теңге көлеміне өсіпті. Мекемеде орташа жалақы 186 мың теңгені құрайды, бытыр бұл көрсеткіш 169 мың теңге шамасында болған. Бұдан бөлек, бөлімше қызметкерлеріне әртүрлі қаржылай көмек тұрақты көрсетіліп тұрады. «Ағымдағы жылы Көлік қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне байланысты барлық теміржолшыларға бір мәрте ең төменгі жалақы мөлшерінде – 42500 теңгеден үлестіріліп, 708 721 мың теңге көлемінде қаражат жұмсалды. Енді Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 1,5 ең төменгі жалақы мөлшерінде – 63750 теңге көлемінде сыйақы түсірмекпіз. Мұның жалпы шығыны 541 847 мың теңгені құрап отыр», – деді Үмітбек Есмұратұлы.

Бөлімше басшысы жыл басынан бері пайдалану жүк айналымының жоғары 106,2 пайызға орындалғанын айтты. Негізгі жеке 26434 млн.ткм болса, нақты дерек 28060 млн.ткм құраған. Жоллаушылар тасымалының 66,6 пайызға дейін төмендеп кетуіне, әрине, елімізде және бүкіл жер бетінде орын алған коронавирустық инфекцияның таралуы себеп болған. «Жоллаушылар тасымалында төмендеу болғанымен, жүк айналымында соншалықты айырмашылық жоқ. Жоспарлы мекемізді сақтап, кейбірінен тіпті ілгерілеуге қол жеткіздік. Ал пандемия кезінде және әлі күнге теміржолшыларымыз арнайы киім-кешекпен, аяқ киіммен, медициналық қорғаныш құралдарымен толықтай қамтылды», – деді Үмітбек Рысбеков.

Облыс әкімі бөлімше директорына қызметкерлердің жалақы мөлшерін кемітпеуді, уақытылы төлеуді және қауіпті індеттен сақтану шараларын барынша жетілдіруді тапсырды.

Асхат РАЙҚҰЛ, Тараз

ИГЛІК

## «МЫҢБАЛА» БЕКЕТІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗ...

«Жезқазған-Бейнеу» темір жолының құрамдас бөлігі Сексеуіл-Қоскөл тәлімі бойында күні кешеге дейін Промежуточный аталып келген станция болды. Ол енді Аңырақай шайқасында мың баладан қол жинап, жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен Сартай батыр бастаған жаужүрек өрендер құрметіне «Мыңбала» атауын иемденіп отыр.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Тұран топырағында қандастарынан қол жиып, жаудың мысын басқан Сартай батыр есімінің Мыңбала болып түрленіп тарихқа енуі – Тәуелсіз елдің жаңа тарихының бір беті. Қазақтың биі әрі батыры Сартай Байжанұлының қоғамдық-саяси қызметін тарихи тұрғыдан Қазақ тарихындағы алатын орнын зерделеп зерттеу тарихшылардың еншісінде. Біздер тек Мыңбала станциясының Қызылорда ЖТ бөлімшесіне тиесілі екенін мақтанш етеміз.

2014 жылдың тамызында пайдалануға берілген «Жезқазған-Сексеуіл-Бейнеу» темір жолының Сексеуілден Қоскөлге дейінгі 271,3 шақырымы Қызылорда ЖТ бөлімшесіне қарайды. Сол жылдары осы тәлім бойында Қарашеңер, Абай және Промежуточный деп аталған 4 станция және 10 бекет салынып, қолданысқа беріл-

ді. Сол күннен бастап жаңа жолмен Қытай, Таяу Шығыс елдерінің және өз еліміздің орталық өңірлерінен тиелген жүк құрамалары Иран, Кавказ бен Еуропа елдеріне жол тартуда.

– Тәлім бойындағы төрт станция мен он бекетте тұрғын үйлер, ЭЦ посттары, СОБ және байланыс объектілері, электр нысандары, станциялардағы вокзал ғимараттары, КТСМ пункттері, өртке қарсы резервуарлар, қармен құмнан қорғау төсеніштері, жылу қазандықтары іске қосылып, жұмыс жасауда. Тәлім теміржолшылары вахталық ауысым тәсілімен жұмыс жүргізіп, жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысын сақтап еңбек етуде. Осы тәлім бойындағы Промежуточный станциясының атын «Мыңбала» деп өзгерту көпшіліктің сұранысымен қолға алынды, – дейді Қызылорда ЖТ бөлімшесінің техникалық бөлім бастығы Жарқынбек Рсымбетов.

Мыңбала станциясының аты берілу үшін жергілікті тұрғындардың



өтінішіне байланысты құзырлы органдарға құжаттар жөнелтілген. Осындай ресми құжаттың бірі Қарағанды облысының ономастикалық комитетіне, Ұлытау аудандық мекемесіне жолданып іс-шаралар жасалған. Нәтижесінде компания басшылығының қолдауымен Промежуточный станциясына Мыңбала есімі берілді.

Қазіргі таңда станцияларда вокзалдардан бөлек теміржолшыларға арналып салынған қос пәтерлі тұрғын үйлер мен салалық кәсіпорындар объектілері рет-ретімен бой түзеп, кешеге дейін құлан жортар маң далада ірге көтерген станцияларды көріктендіріп тұр. Жаңа тәлім бойына КТСМ пункттері, ТӨБЖ (ВОЛС-талшықты оптикалық байланыс желісі) тартылып, тиісті нүктелерге ZTE (DWDM),

Motorola (Тетра) құрылғылары, IP-ТС ақпарат құралдары, СОБ МПЦ EBlock-950 жүйелері орнатылған. Жаңа тәлімнің заманауи байланыс желілері жұмыс бабына келтіріліп, барлық учаске бойында жұмыс атқаруда. ВЛ АБ, ПЭ және АБ-ПЭ секілді түрлі кернеулі электр күшімен жабықталып желілері мен пойыздардың қозғалысын реттеуге қажетті бірнеше нысан жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысын сақтауды арттыруға қалтқысыз қызмет етуде.

Жер көлемі жағынан Қарағанды облысына қарасты, бөлімше бойынша Қызылорда ЖТ бөлімшесіне тиесілі Промежуточный станциясының атын «Мыңбала» деп өзгерту биыл – Тәуелсіздіктің 29 жылдығы қарсаңында жүзеге асты.

Суретті түсірген автор

ФОРУМ

ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАСЫ:  
АДАМ ӨМІРІ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

(Соңы. Басы 1 бетте)

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Кристиан Күн өз сөзінде еңбек қорғау саласындағы көшбасшылықтың рөліне тоқталды. Бір жыл бұрын басталған бұл форумда сол кезде компания алдына қандай міндеттер қойылып еді? Төрағаның айтуынша, сол кезде жұмыс орындарындағы қауіпсіздік пен еңбек жағдайын жасауды қамтамасыз ету, «Қауіпсіздік минутын» өткізу, сөзді іспен бекітіп, қауіпсіздікке қатысты оң іс-әрекеті үшін жұмысшыларды ынталандыру, қауіпсіздік техникасы бойынша бірде-бір бұзушылыққа төзбей міндеттері қойылған еді. «Соның нәтижесінде бүгінде компания неге қол жеткізді? Біріншіден, кең ауқымды ағартушылық жұмыстары қолға алынды, байланыс аясы кеңейді, есептілік пен айқындылық сапасы айтарлықтай жақсарды, заманауи құралдар көбейді», деді ол.

Ұлттық компанияның бас инженері Батыр Қотырғев Қазақстан темір жолындағы өндірістік қауіпсіздік бойынша статистика әлі де көңіл

көңітпейтінін айтты. Биыл өндірісте 29 қайғылы жағдай болған. Салдарынан 31 адам зардап шеккен. «Осындай жағдайларды зерттеп келе алардың түпкі себептерін анықтадық. 18 жағдай, яғни 62 пайыз бұл таза абайсыздықтан, 6 жағдай, яғни 21 пайыз жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастырмаудан, 5 жағдай, 17 пайыз технологиялық үдерістердің бұзылуынан болған. Біз персоналды жеке қауіпсіздігін сақтауға деген көзқарасын оларды оқыту, саланы автоматтандыру және қауіпті жұмысты тоқтату құқығы арқылы түбегейлі өзгертуді нақты қолға алып отырмыз», – деді бас инженер.

Осы жылы мамыр айынан бастап 252 жұмысшы «Өндірістік қауіпсіздіктің біріктірілген жүйесі» қосымшасы арқылы бұзушылықтарды анықтап, тіркелгені үшін 10 млн-нан астам сомада ынталандырылған. «Қауіпсіздіктің тәртіптік диалогы» жобасы бойынша жақсы нәтиже көрсеткен үздіктер ереже сөйкес отбасымен шетелге жолдам ала алады. Бас инженердің айтуынша, осылай ынталандыра отырып басқа да,

атап айтқанда, кадрлардың тұрақтауы, психологиялық әлеуметтік ахуалды жақсарту, жұмысшылардың компания қызметіне белсенді араласуы сынды мәселелер шешімін табуда. Ол сонымен қатар биыл өндірістік жарақат алуға жол бермеген темір жол кәсіпорындарын атап өтті. Бірнеше жыл бойы өндірістік қауіпсіздік көрсеткіштеріне сын келтірмеген аймақтар бар. Демек, өндірістік жарақатқа мүлдем жол бермеуге болады.

Шара барысында Vision Zero саласындағы халықаралық оқиғалар туралы Vision Zero амбассадоры Конколески Ханс-Хорс ақпарат берді. Ал Vision Zero жобасының ҚР-дағы дамуы жөнінде EVERYCO Central Asia Kazakhstan директоры әрі серіктесі Анар Жұмашева баяндады. Оның айтуынша, қазір әлемде әрбір 15 секунд сайын өндірісте адамдар қаза табады. Тек Қазақстанда жылына 10 адам өндірісте көз жұмады. Еңбек қауіпсіздігі саласында жағдайды жақсарту туралы айтқан ЕҚДҚ банкi департаментінің жетекші кеңесшісі Полина Пименова өз қызметкерлерінің

өмірі мен денсаулығын бірінші кезекке қоятын ҚТЖ компаниясының бұл форумды өткізуін жоғары бағалады.

Компанияда қолайлы еңбек жағдайын жасауға қатысты Персоналды басқару бойынша директор Тамилла Микучич сөз алып, қоғамда жыл сайын ішкі және сыртқы бірнеше зерттеу жүргізілетінін жеткізді. ҚТЖ-да жыл сайын жұмысшылардың өз жұмыс жағдайына көңіл толушылық деңгейін анықтау бойынша және жылына бір рет әлеуметтік тұрақтылық индексі бойынша зерттеу жүргізіледі. Сонымен қатар қызметкерлердің жұмысқа араласу деңгейіне қатысты жылына 1 рет және өндірістік қатынастан бойынша мониторинг аясында 2 рет зерттеу өткізіледі. Ал компаниядағы жарақат алушылық жағдайы мен қауіпсіздікке баға беру нәтижелері туралы Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Асхат Сариев және бас менеджері Алтынай Жатқанбаева баяндады.

Форум соңында өндірістік қауіпсіздік саласында озық тәжірибе көрсетіп, жарақат алушылыққа жол бермеген мекемелер мен жекелеген қызметкерлер марапатталды. Сенім сертификаттарына 13 өңірлік теміржол мекемесі ие болып, 24 ішкі тренерге Алғыс хат берілді.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

## ОЛАР – ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

«Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол» станциясының орталықтандырылған қосын кезекшісі Айдос Боранбай Жамбыл өңіріндегі темір жолы жоқ Ақсуыек деген шағын ауылда туған. 4 жасында ата-анасымен Шығанақ станциясындағы тұтырғанна қонаққа барғаны есіне. Сол ауылда ол бірінші рет ерсілі-қарсылы жүріп жатқан алып пойыздарды көрген еді...

Сол кезде әлі бала болса да, оның қиялында осы пойыздарды жүргізем деген арман пайда болады. Сол арманмен мектептен кейін Алматыдағы М.Тынышпаев атындағы ҚазККА-на «Тасымалды ұйымдастыру» мамандығы бойынша оқуға түседі. Бітіргесін жолдамамен Қашағай станциясына пойыз құрастырушы болып жұмысқа орналасады. Бұл жерде ол еңбек жолын бастап қана қоймай, үлкен тәжірибе жинақтайды. Содан кейін үлкен станцияларда жұмыс істеуді мақсат етіп, Астана станциясына жұмысын ауыстырады. Бір жылдан кейін 2017 жылы жаңа вокзал ашылып, пойыз құрастырушы болып жұмысқа қабылданады. Өз жұмысына деген жауапкершілігін көрсете білген оны басшылық жоллаушылар паркінің кезекшісі қызметіне көтереді.

– Менің балалық арманым орындалды. Мен бүгінде пойыздар қозғалысын басқарумен айналысамын. Бірақ менің жетістіктерім тек мұнымен тоқтап қалмайды. Бұдан да үлкен мақсаттар қойып, соған жетуге ұмтылатын боламын, – дейді Айдос.

Тәуелсіздік құрдасы өзін ҚТЖ сынды үлкен компанияның бір бөлшегі ретінде сезінеді және соны мақтанш етеді. Орталықтандырылған қосын кезекшісінің қызметтік міндетіне пойыздарды қабылдау және жөнелтуді жоспарлау, яғни оларды қай жолда қабылдап, қай жолдан жіберу керектігін анықтау жатады. Кейде жоллаушылар пойыздары кестедегі уақыттан кеш немесе ерте келуі мүмкін. Мұндай пойыздар бұл станция үшін қолайсыз. Себебі станция түйік болғандықтан олар басқа өз уақытымен келетін пойыздардың станцияға келуіне кедергі келтіруі мүмкін. Сөйтіп бұл қозғалыста «омнино» тәсілі ойнап кетеді. Міне, сондай кездерде Айдос сияқты кезекшілер пойыздардың бәрине қолайлы, олардың бәрін уақытында қабылдап, дер кезінде жөнелтетіндей етіп шешім қабылдау керек болады. Бұдан басқа ол пойыз құжаттамаларын, аралас қызметтер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жұмыстарымен айналысады. Қазір оның қызметі бойынша вокзалда 4 қызметкер еңбек етеді. Олар әрқайсысы бір ауысымда 12 сағат жұмыс істейді.

Биыл Айдос өңге атанып, ұлды болды. «Мен тәуелсіздік алған жылы дүниеге келген болсам, ұлым онымен 29-шы жылында туды. Біз мемлекетімізбен бірге аяқтан тұрып, бала кезімізде оның ең қиын кезеңдерін білмей өткіздік. Ал біздің ұрпақтарымыз еліміздің гүлденіп, дамып жатқан тұсында жарық дүниеге есігін ашып жатыр. Олар – бүгіннен де мықты Қазақстанда өмір сүретініне сенемін», – дейді кейіпкеріміз.

Ұлан ОРАЗ

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



Нұрболаттың арманы – әкесі сияқты Құрметті теміржолшы атанып, өз жобаларымен теміржолға тың серпіліс әкелу. Тәуелсіздік құрдасы деген абыройлы атқа ие жас отызғында орда бұзып, қырықта қамал алуға дайын.

1991 жылы Бейнеу ауданында теміржолшылар жанұясында дүниеге келген Нұрболаттың әкесі Арапа Ағатаев – өмірін осы салаға арнаған ардагер. Вагон қараушы, слесарь, машинист көмекшісі, машинист, депо кезекшісі, машинист-нұсқаушы болып еңбек етіп, зейнетке шыққан. Қазір колледжде шәкірт тәрбиелеп, болашақ теміржолшыларға ұстаздық етуде. Сондықтан Нұрболат жастайынан темір жолдағы қайнап жатқан тірлікті көріп, қызыға өскені аян.

2008 жылы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясына оқуға түседі. Оны бітірген соң 2013 жылы Маңғыстау локомотив депосына машинист көмекшісі болып жұмысқа кіреді. Сол жылы алматылық ару Мақпалға үйленіп, еңбек жолымен бірге отбасылық өмірін де бастайды. Қазір бақытты шаңырақтың иесі. Рамина есімді бір қыздың әкесі. Сай-Өтес, Өзен бағытында қатынайтын жүк пойызында машинист көмекшісі.

– Балалық шағымда әкеммен бірге теміржолдағы мерекелерге, түрлі іс-шараларға барып, домбыра тартып, өнер көрсетіп жүрдім. Машинист кезінде тепловозға да мінгізетін. Осы алып машинаны өзім де жүргізуді армандайтынмын. Қазір машинист Тәуекел Сейтқұлиевтің көмекшісімін. Жұмыста ол кісіден өзге тәжірибелі машинистерден, үйде әкемнен үйренемін. «Отарбаны» жүргізуге солай дайындалу үстіндемін. Қазір жұмысқа алғаш келген күндерді ойласам күлкім келеді. Жасып. Теориялық білім болса да тәжірибе жоқ. Темір жол жұмысы, тепловозды басқару сонау бағы бала қиялдағыдай қызықты ғана емес, қиын да екен. Бірде тепловоз жолда бұзылып, тұрып қалдық. Сонда бір нәрсені дұрыс білмегені үшін машинисттің қатты ұрысқаны есімде. Сөз сүйегімен өтіп кетті. Сол оқиға намысымды қайрап, істеген ісіме енді ешкім мін таға алмастай болуым керек деп өзіме уәде еттім, – деген Нұрболаттың алға қойған жоспарлары көп. Ең біріншісі – мықты машинист болу. Ол арманына жетуге, міне, бір-ақ қадам қалды. Жақында машинист курсын бітіріп, емтихан тапсырды. Онан соң әріптестерімен бірге үш жігіт болып жасаған өнертапқыштық жобасын жүзеге асыру. Бұл жоба өткен жылы облыстық деңгейде бірінші орын алған еді. Онымен бытыр елордада өткен Х республикалық жастар форумына да қатысып қайтты.

– Жобамыз «Локомотив қауіпсіздік құрылғысы» деп аталады. Оның басты мақсаты – қауіпсіздікті сақтау, теміржол қаражатын босқа ысырап қылмау. Себебі тепловоздары мал қағып кетсе, көп шығын шығады. Соның алдын алу үшін тепловозға арнайы қауіпсіздік құралын орнатууды ұсынып отырмыз. Нұр-Сұлтан қаласында өткен жылы форумда жоба жұртты қызықтырғанмен, оны жүзеге асыруға біраз қаражат қажет болатындықтан кейінге қалдырылды, – деген кейіпкеріміздің бойыннан мақсатына жету үшін темірдей төзім мен табандылық байқалық.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау

Суретті түсірген автор



ПЕРСПЕКТИВЫ

# УВЕЛИЧИВАЯ ПРОПУСК НА ГРАНИЦАХ

Железнодорожная линия Дарбаза – Мактаарал увеличит пропускную способность на казахстанско-узбекской госгранице. Казахстан максимально выгодно использует свое географическое расположение. Благодаря тому, что страна интегрировалась в глобальные логистические цепочки, теперь часть международного и даже трансконтинентального транзитного грузопотока переориентирована на трансказахстанские маршруты.



**Асель ШАЙХЫНОВА**

За годы независимости Казахстаном была выполнена сложнейшая задача по адаптации транспортной сети к новым реалиям. Области, ранее не связанные между собой прямыми путями, стали обрести сеть дорог. Они расчертили карту республики по всем направлениям, делая более привлекательными международные транспортные коридоры, проходящие через государство. Находясь в жесткой конкуренции за привлечение транзитных грузов, страна смогла создать конкурентоспособный сухопутный маршрут.

Теперь рост объемов перевозок благоприятно сказывается на финансовом состоянии железной дороги. Для увеличения грузовых перевозок модернизируется железнодорожная инфраструктура страны, принимаются меры по повышению эффективности использования подвижного состава. Ведется работа по наращиванию логистической инфраструктуры приграничных станций, расположенных на международных транспортных коридорах.

На казахстанской железной дороге основной грузопоток в/из Республики Узбекистан проходит через межгосударственную стыковку станцию Сарыагаш, которая практически работает на пике пропускной способности. Возможности для развития пункта из-за стесненных условий местности и дефицита земельных участков отсутствуют, – отметил первый заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов.

Для повышения пропускной способности железнодорожных участков на казахстанско-узбек-

ской госгранице в АО «НК «ҚТЖ» рассматривают строительство новой железнодорожной линии Дарбаза – Мактаарал. Это позволит перераспределить грузопоток с участка Сарыагаш – Ташкент на новую ветку и даст импульс развитию приграничного региона Туркестанской области.

Данный проект обеспечит возможность привлечения дополнительных объемов в сообщении с Узбекистаном и снизит напряжение на действующем пограничном переходе Сарыагаш – Келес. Между АО «НК «ҚТЖ» и АО «Узбекистан темир йуллари» подписан меморандум о сотрудничестве для изучения оптимальных вариантов эффективного использования транзитного потенциала. В рамках договоренности создана рабочая группа по подготовке предложений о целесообразности новых маршрутов, определению основных производственных и экономических показателей.

Казахстан географически выгодно располагается на пересечении ключевых транспортных коридоров. И одним из стратегических направлений деятельности АО «НК «ҚТЖ» является развитие перевозок грузов в вагонах и контейнерах в направлении в/из Китая.

Так, за 10 месяцев 2020 года через казахстанско-китайские погранпереходы объем перевозок составил 18,2 миллиона тонн (+28% к 2019 году), в том числе через погранпереход Достык – 12,9 миллиона тонн (+19% к 2019 году), погранпереход Алтынколь – 5,3 миллиона тонн (+58% к 2019 году).

При этом основные контейнерные маршруты по территории нашей страны проходят по направлениям Китай – Европа, Китай – страны

Центральной Азии, Китай – Россия, а также через казахстанские порты в направлении стран Кавказа, Персидского залива, Турции и других.

Особое значение придается развитию контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай.

За 10 месяцев 2020 года транзит контейнеров по территории Казахстана составил 718,6 тысячи ДФЭ (+35% к 2019 году), в том числе Китай – Европа – Китай – 444,5 тысячи ДФЭ (+62% к 2019 году).

В следующем году на пограничном переходе Достык, через который идут грузы сообщением Европа – Азия, начинается реализация проекта «Модернизация железнодорожного транспортного коридора Достык – Мойынты» в рамках Государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2020-2025 годы. Со временем планируется провести расширение и модернизацию железнодорожной станции Достык: капитальный ремонт пути, строительство ряда объектов железнодорожной инфраструктуры, в том числе вторых главных и приемоотправочных путей узкой и широкой колеи.

За счет привлечения частных инвестиций будут построены четыре новых контейнерных терминала на станции Достык, планируется также реконструкция существующих перегрузочных контейнерных терминалов. Все это позволит сократить время обработки при приеме и сдаче поездов, нарастить объем транзитных перевозок через территорию Казахстана.

После окончания модернизации участка Достык – Мойынты скорость контейнерных поездов по маршруту Достык – Карталы увеличится в перспективе до 1 300 километров в сутки, – считает Канат Альмагамбетов. – А для наращивания мощности пунктов пропуска транзита на границе с Китаем в 2021 году будут разработаны генеральные планы развития станций Достык и Алтынколь.

